

Қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 14 желтоқсан N 568

Қазақстан Республикасының қаржы министрлігіне республикалық бюджет қаражатының 1996 жылғы 1 қаңтардағы 1045 млн. (бір миллиард қырық бес миллион) сомасындағы басы бос қалдығын республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім мекемелеріне жалақы және коммуналдық қызметтер бойынша берешектерін өтеуге жіберуіне рұқсат етілсін, оның ішінде: <*>

Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне - 700 млн. (жеті жүз миллион) теңге;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне - 305 млн. (үш жүз бес миллион) теңге; <*>

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне - 40 млн. (қырық миллион) теңге.

ЕСКЕРТУ. Өкімге өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-министрінің
1996.12.25. N 584 өкімімен. R960584_

Премьер-Министр